


Ақселеу
Сейдімбек

ОЙТТОЛГАР

Ақселеу
Сейдімбек
Айтмолға



ЖАРИЯЛАНБАЙТЫН ЖАЗБАЛАР

АЛМАТЫ
ЖАЛЫН
1997

**ББК 66. 3(2)К.
С 31**

Сейдімбек А.

С 31 Ойтолғақ: Жарияланбайтын жазбалар.— Алматы, “Жалын”, 1997.—272 бет.

ISBN 5-610-01273-2

Бұл кітап — КСРО /СССР/ деп аталған тоталитарлы социалистік империяның соңғы жиырма жылына куә болған ұрпақтың күнделігі. Авторы — белгілі жазушы, Ақселеу Сланұлы Сейдімбек.

Кітапта соңғы ширек ғасырдай уақыт аясындағы қоғамымыздың саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани өмірі сөз болып, байсалды ой-тұжырымдар жасалып отырады. Ұлттың азаттығы, халықтың рухани кемелдігі, мәдениеттің төлтумалығы, тарихқа адалдық, міне, қаламгерді осы тақарыптар толғандырады.

С $\frac{4702250201 - 15}{408(05)97}$ 9 - 95

ББК 66.3(2)К

ISBN 5-610-01273-2

© Ақселеу Сейдімбек 1997

Жетпіс екінші жыл

1. 01.72.

Ұдайы ойды серік ету, ұдайы ой құшағында болу қиын ғой. Қазақ оны “ойжадылық” дейді. Алайда өмір болған соң ой шеңгелінен тысқары болу да оңай емес.

Ой да бір іштің шері ғой. Айтсаң шерің тарқап қалады. Сондықтан да күнделікті ой иірімдерін “Ойтолғақ” деп атадым да, орайлы сәтте қағазға түсіріп отыруды ниет еттім. Өзге үшін емес, өзім үшін. Әрине, өзге көз түсіп, өзге ой ортақтасар күн туса, оның да өкініші бола қоймас. Бір-бір сомды алмасқаннан екі жаққа да келер пайда жоқ, бір-бір ойды алмасса екі жақ та еселеп толысады деп келетін сөз бар еді ғой.

* * *

Өзім туралы бір ауыз сөз. Мен 1942 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, “Дружба” совхозында (қазіргі Жезқазған облысы, Атасу колхозы) дүниеге келіпін. Әкем Слан мен туған түннің шілдеханасында болып, ертеңіне соғысқа аттаныпты. Содан көп кешікпей қара қағаз келсе керек. 17-18 жасында жесір қалған шешемді әменгерлік жолымен соғыстан жеңіл жараланып қайтқан бір ағайынға қосып, мені әкемнің туған ағасы Аманбек өз тәрбиесіне алыпты...

Адамның адам болуы үшін өскен ортасының әсерін ешбір тәрбиемен теңестіруге болмас. Бұл орайда тағдырыма мың да бір шүкірлік етемін. Менің балалық шағымда біздің ауылдың болмыс-бітімі (салты, дәстүрі, діні, ұлттық ойын-тойы, саятшылығы, көшпелі өмір салты...) әлі дәстүрлі қалпында болатын. 20-30 шы жылдар-

дың тарихи нәубеті әбден титықтатқан ел, мемлекет тарапынан қамқорлықтан жүрдай болған ел амалсыз көшпелі өмір салттан пана тапқандай еді. Әлі есімде, мен төртінші оқитын жылы колхозға алғашқы машинаның келгені...

Орта мектепті 1959 жылы бітірдім. Бітірісімен комсомолдық жолдама алып, табаны күректей екі жыл қой жайдым. Кәдуелгідей, қыс болса боранында қоймен бірге ығып, жаз болса тасқорығын жасап, көмбесін пісіріп, айлап-апталап қоймен бірге өріс қуалап кеткен кездер болды.

Келісімді екі жыл өткен соң Алматыға оқу іздеп аңсап барып, түсе алмай қайттым. Ауылға келген соң жастық көңіл қой соңын қаламай, жылқышы болдым. Ақ қар, көк мұзда қостап жылқы жайдық. Жылқышылардың қосағасы Шұбыртпалы Ағыбай батырдың шөбересі болып келетін Тарғын дейтін ақсақал еді. Ғибраты мол, ғажайып қарт болатын.

Сөйтіп жүріп, көп армандаған ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түстім-ау. Бұл оқудың арасында міндетті әскерге барып қайттым. 1968 жылы ҚазМУ-ды бітіріп, “Леншіл жас” газетінде жарты жылдай әдеби қызметкер болып істедім де, Орталық Қазақстан облыстары бойынша тілшілік қызметке ауыстым...

Бүгін ойлап отырсам, осынау өткен жолдар мен үшін екі түрлі заманның белесінен өткендей әсер береді.

4.01.72.

Осы бір әдетке еріксіз таң қаламын. Көркем дүние жазарда Мұхтар Әуезовтың “Қорғансыздың күні” әңгімесін бір оқып шығу әдетіме айналған. Онсыз қолым жүрмей, ойым тұсалып, кібіртіктей беремін.

М. Әуезовтың осы әңгімесін оқып отырғанда менің құлағыма кейіпкерлерінің дауысы естілгендей болады.

22.01.72.

Л. Н. Толстойдың құдіретін айтып жеткізу қиын, жан-жүрегіңмен сезінетін әсер ғажап.

Адам тағдыры үшін, жо-жоқ, адамзат тағдыры үшін бұл ақсақалдан артық ойжады болған, өмір бойы ой құрсауында өткен жазушыны елестету қиын. Ол алуан түрлі ойларды, ағымдарды, философиялық толғамдарды өз көкірегінің елегінен әлде неше рет өткерген. Сондағы тапқан тобықтай түйіні — құдіреті күшті құдайдың бар екендігін мойындау керек. Л. Н. Толстой қанқа сүйегіне

дейін атеист бола тұрып, құдайшылдықты саналы түрде ұсынады. Оның ойынша адамзат атаулының бойындағы алуан түрлі кемшілікті ауыздықтайтын құдірет-тек қана, адам өресі жетпейтін құдіретті құдай; бәрін көріп, біліп, болжап тұратын құдай ғана, оған деген сенім ғана адам баласын толып жатқан опасыздықтан шектейді; адам баласының бойына тән әлсіздік басқаша таным мен моральдың барлығын аттап кете алады.

5.02.72.

Көшпелі өмір салт қалыптастырған, ең тамаша қасиетіміз болып табылатын — адамдар арасындағы өзара кісілікті қарым-қатынас қалыптарының шырқы бұзылды. Үлкен мен кішінің, туыс пен туғанның, жат пен жақынның, еркек пен әйелдің, жігіт пен қыздың арасындағы моральдық-этикалық, салт-дәстүрлік қарым-қатынас қалыптарының шекарасы көмескіленді, Сөз жоқ, мұның бәрі де адамдардың бір-біріне жатбауыр болуының, ар-ұятқа қарамауының, тыйымсыздығының бірден-бір себепшісі болуда. Адамдар арасындағы қарым-қатынас дәстүрлі наным-сенімге мойын ұсынбаған соң, салт-дәстүрді сақтамаған соң, тыйым-тосқауыл көрмеген соң еркіндік дегеннің өзі көргенсіздікке ұласқан жайы бар. Яғни, адамдардың бойында іштей тыйылудан гөрі, салт-дәстүрмен санасудан гөрі заңнан ғана қорқу немесе сырт көзден ғана қаймығу сезімі басым. Мұның бәрі, Мұның бәрі, сайып келгенде, сыртқы өктем күштің рухани билеп-төстеуі (экспансиясы) бел алып, ұлттық дәстүр сабақтастығы әлсіреп, дәстүрлі мәдениетіміздің өмір салтымыздан тыс қалуына себепші болып отыр.

Міне, ғасырларға созылған империялық құрсаудың зардаптары осындай. Ендігі жерде ұлттың есеңгіреген, контузияға ұшыраған санасына реанимация қажет, рухани әлеміміз бен салт-дәстүрімізге рестоврация керек. Өмірдің барлық саласындағы әрекет-тірлігіміздің паркын бажайлап, асыл мен жасықтың, өміршең мен өткіншінің, ұлттық пен ұлтсыздықтың аражігін ажыратып отырудың мәні ерекше.

8.02.72.

“Көгілдір жалау” кітабынан оқыған мына бір ой жан дүниемді төңкеріп тастағандай болды: “Дүние жаралған кезде әрбір жаратылыс өзіне сыңар тандаса керек.

— Мен Бағдат еліне барамын, — депті Ақыл. Сонда Өнер тұрып: “Мен де сенімен бірге барамын”, — депті.

— Мен Сирияға барамын,— депті Байлық. “Мен де сенімен бірге барамын”, — депті Араздық.

— Ал, мен далаға, көшпелілерге аттандым!— депті Денсаулық.

Сонда: “Мен де соңыңнан ердім”, — деген екен Турашылдық.

“Синие Знамя”. Заимствовано с французского М. Гранстреме. С. — Петербург. 1906г., стр. 161).

30.05.72.

Ауылды аңсап аттанамын. Амал не, торығып қайтамын. Ауылдың барымен базар болатын бұрынғы қарапайым, бауырмал, көңілді тіршілігі бұл күндері сұрқай тартқан. Өз басымен өзі болып, жұмысбасты болып жүрген адамдар. Олар осындан не бәрі 10-15 жыл ғана бұрын айтатын ұлағатты әңгімелерін ұмытқан. Ендігі әңгімелері от басы, ошақ қасы, жан сақтау қамы туралы.

Яғни, қара халықтың санасын шектеген бір ауыртпалық бар. Ол қандай ауыртпалық? Халық неге шын пейілімен қуанбайды? Неге төңірегіне немкетті қарап, ұнжұрғасы түсе береді?!

6.06.72.

Біздегі өнертанудың шектен шыға идеологиялануы — халықтың бүкіл рухани тағдырына кері әсерін тигізіп отыр. Әсіресе, өнер атаулы жағымпаздық дертіне шалдыққан. Өнер атаулының айтары мейлінше унификацияланып, бір сарындылықты ту етіп алған. Бұл жолда екі-ақ бояуды — ақ пен қараны — пайдалану шеберліктің парқы сияқты.

Ал, өнер тану үрдісі болса бірыңғай сектанттық-догмалық теорияға бой ұрған. Ең бір марғасқа деген оқымыстыларымыз аузын ашса болды “Абай образы жағымды, Тәкежан образы жағымсыз” деп бастайды. Сонда, өмір қайда, өнер қайда?

Осынау өзімізді өзіміз мәңгүрттендірген рухани құлдықтан қашан құтылар екенбіз...

7.06.72.

Адамзат тағдыры үшін басын тауға да, тасқа да соққан Л. Н. Толстой “жамандықпен жағаласпау керек” деген тоқтамға келді. Оның ойынша адамзат атаулының келешегі адамға лайық бітімде болу үшін “құдай” қажет. Адам баласының тойымсыз ындынына тосқауыл болатын бір ғана

күдірет бар. Ол — өресі, ақылы жетпес Құдайдың күдіретін мойындауы. Яғни, адамның пенделік әлсіздігін Толстой ұсынған “Құдай” ғана шектей алады. Жәнеден Толстойдың “Құдайы” кез келген прогреспен оп-оңай мәмілеге келіп, тіл табысып кетеді.

Болмайды екен, кодекстегі моральды жатқа білетін баукеспелерден қоғам ешқашанда арылмақ емес.

8.06.72.

Мың жерден тығырыққа тіреліп, дал болып, тәтті деген тіршілігің қанжылым татым отырса да күресе бер. Бұл — шым-шытырық тіршіліктің ең бір жұғымды сыбағасы.

9.06.72

Менің өмірге араласуым бейтаныс қаланы аралаған жолаушыға ұқсас. Аяқ аттаған сайын тылсым дүние алдыңнан шығады. Қиыны — бейтаныс құбылыстың алдыңнан шығуы емес. Қиыны — сол бейтаныс, беймағлұм дүниені ешкімнің көмегінсіз өзіңнің ғана танып -түсінуге кірісуің. Шегінер жол жоқ. Артым — армандай аяулы, алдым — жұмбақ.

О, Тәңірім, қандай заманға тап болған ұрпақ едік!..

11.06.72.

Біреумен біреудің қырбай болуына етіміз үйренген. Оларды келістіру арқылы қоғамды түзетемін деп әуре болудың қажеті жоқ. Ол мүмкін де емес. Мәселе, сол адамдарды қырбай етуге итермелейтін қоғамның қалыбы ғой.

12.06.72.

Жаманның өлгенінен гөрі жоғалып кеткені жақсы.

10.06.72

Болат қалай балқиды? Егер осыны қызықты, түсінікті тілмен баяндасам, талай қара домалақ інілерімнің арман-әрекет аясы кеңі түсер еді-ау...

13.06.72.

Көптен бері көңілде жүрген ой-жоспарымды білдіріп, Әлкей Марғұланға хат жолдадым. Ол — халқымыздың күй аңыздарын жинасам ба деген талпынысқа орай.

Қазақтың күй аңыздары фольклорымыздың, тарихымыздың ашылмай жатқан қоймасы сияқты. Кең байтақ

Қазақстанның әр түкпірінде айтылатын күй аңыздарын жинау оңай іс емес.

15.06.72.

Белгілі бір пікір-тұжырымға келу үшін, бірденені болжау үшін түпкі шындықты білу керек. Ал, шындық жеті қат жер астында жатыр. Қазақша айтқанда, шындық арыстанның аузында, түрікпеннің түбінде.

6.07.72.

Ауылға барып қайттым. Ернарымды ауылға апарып тастағанымға екі айдай болған-ды. Тым болмаса тілі қазақша шықсыншы деген ой еді. Аздап қазақша былдырлап қалыпты. Қатты қуандым. Баласының өз ана тілінде сөйлегеніне қуанатын заман-ай десейші!

9.07.72.

Мәлік Ғабдуллинге хат жаздым. Тағы да күй аңыздары туралы ақыл-кеңес сұрадым. Күй аңыздарын жинау өкіндірмейтін жұмыс сияқты арбайды...

3.08.72.

Ұзақ жылдар бойы өктемдік құрған системаның өзімшіл идеологиясы төлтума (самобытный) мәдениет атаулыны мансұқтап, халықтың ғасырлар сынынан өткен салт-дәстүрін шеттетіп отыр. Нағыз мәдениет дегеннің өзін белгілі бір ұлттың тарихи болмысы тудыратыны мүлде ескерілмейді. Әсіресе, мәдениеттің бірден-бір алғышарты болып табылатын халықтық тәжірибе, халықтық талғам-түсінік, халықтық өмір салт өзінің сабақтастығын үзіп алды. Ұлттың рухани әлемі сырттан таңылған теориялық қалыпқа қамалып, қайдағы бір жасанды, желбуаз ұраншылдықты мәдениет деп жұбануда. Нәтижесінде, ұлттың өзі іштей реттеп отыратын, өзін-өзі іштей сұрыптап отыратын, соның арқасында ұдайы мәдени-рухани шыңдалу үстінде болатын ғажайып қасиеті солғын тартқан. Ұрпақты ұрпақ алмастырған сайын ұлттың төлтума қасиеті көмескіленіп, өмір-тіршіліктің барлық қырында сыртқа еліктеу бел алған. Сырттан билік жүргізген өктем ұлттың барша қасиет-болмысы мәдениеттің бірден-бір озық үлгісі ретінде қабылдануда. Ең сұмдығы, мұндай үрдіс (процесс) ұлттық қасиет атаулының қадірін кетіру арқылы, ұлттық асылды жасыту арқылы жүзеге асып отыр.

9.12.72.

“Сайдалы Сары Тоқа” деген мақала жазып бітірдім. Тоқа — күйші-композитор (1830-1914). Күйдің майталман шебері. Тоқаның теріс бұраумен тартылатын күйлері оны халық композиторларынан даралап тұр. Бұрын қазақта домбыраның құлақ күйін теріс бұрап келтіріп тарту дәстүрі болған. Бұл дәстүр Тоқа творчествосында шырқау биікке көтерілді. “Бозайғыр”, “Азамат”, “Тоғызтарау” сияқты күйлері ерекше құбылыстар.

Музыканың тілі ортақ деген пікір дұрыс емес. Музыканың да ұлттық тілі, иірімі, әуезі бар, ол өз топырағында дүниеге келген халықтың болмысымен біте қайнасып жатады.

10.12.72.

Г. В. Плеханов: “Искусство — есть непосредственный образ процесса производства”— дейді (Г. В. Плеханов. Искусство и литературы. М., 1948, стр.38.). Қазақтың батырлар жырынан мысалдар еске түседі.

“Тайбурыл атты жетелеп, Қобыландыдай бөрінің, Бұландаған қыз Құртқа Алдында кетіп барады”.

“Жылқы ішінде аламын, Қылшық жүнді қарамын”.

“Осы кеткен жалғызым, Есен барып, сау келсе: Егіз туған көк бура, Ол да сенің жолыңа. Егіз туған көк бұқа, Ол да сенің жолыңа. Егіз туған көк айғыр, Бұл да сенің жолыңа (“Қобыланды батыр”).

“Құрсаулы қара бура, Қарсы қарап шабынды” (“Алпамыс батыр”).

“Тауда өскен тас түлек, Емсейді де жемсейді ” (“Шора батыр”). “Он екі баулы өзбекте, Әзімбай еді қара көк” (“Қамбар батыр”).

“Айғырдайын алыспай, Қызыл қанға батыспай” (“Ер Сайын”).

“Атам менен анамның, Асыранды қазы едім, Қойда бағылан қозы едім, жылқыда шаңқан боз едім” (“Ер Тарғын”).

“Ағыным судай ағады, Халқым малдай бағады, жұртым қойдай қағады” (“Қыз Жібек”).

Бұл мысалдардың бәрі де халық өнері сол халықтың тіршілік-тұрмысының, күн көріс әрекетінің көрінісі екенін, сонымен бірге халық өз өнері арқылы тіршілік-тұрмысын, еңбек-әрекетін, арман-мұратын т. б. көрсете алатынын танытады.

11.12.72.

Қазақ халқы жылқы малын ерекше қадірлеген. Оның бойынан талай халық аңғара бермейтінің түр-түсіне қатысты атауларын еске түсіріп көрелік: торы, құла, күрең, жирен, шабдар, көк, буырыл, қара, кер, ақ, сары, ақ сары, боз, ақ боз, сұр, шұбар, қаракер, мақ-пал қара, шаңқан боз, қараторы, тобылғы торы, керторы, құлаторы, торыала, ала, күреңала, көкала, қарала, жиренала, сұрала, қарашұбар торышұбар, боз-шұбар қаракөк, қызылкөк, құлажирен, қарабурал, көк-бурыл, торықасқа, құлақасқа, күреңқасқа, қарақасқа, қызыл, қызылқасқа, қаратөбел, торытөбел, торыалаяқ, қарала-яқ, ақ жал, жібек жал т. б.

12.12.72.

Адамдықты, азаматтықты саналы өмірінде ту еткен Сәйділ Талжанов дүниесі салыпты. Осыдан бірер жұма бұрын еді, облыстық газетке шыққан мақаласын оқып сүйсінгенім. Тек бұл емес, Сәйділ маған бүткіл еңбегімен, бітім-болмысымен, әрекет-талпынысымен мойын бұрғызып жүруші еді.

Ауыр қаза...

15.12.72.

Халық аңыздары — халық болмысының айнаға түскендей шыншыл көрінісі. Аңызды екшей білу керек, сонда зерттеушінің қолында тек қана шындық қалады.

16.12.72.

Ассимиляцияға түскен адам қандай қасиет иесі болса да өз ұлты үшін құрбандыққа бара алмайды. Себебі, ондай адам ұлтының қандай қадір-қасиеті үшін құрбандыққа баратынын білмейді. Яғни, ұлтты ұлт ететін ең киелі қасиеттерінен мақұрым қалады. Ассимиляцияға түскен адам бойында сол ассимиляцияға түсірген өктем күшпен (системамен) тіл табасу қабілеті мейлінше жоғары болады. Бұл жолда олар үшін киелі ештеңе жоқ.

19.12.72.

Домбыра

Домбыра ғана біліпті,
Қазақтың барлық қайғысын.
Кімің бар одан сүйікті,
Шаппай бер оның бәйгесін.

Домбыра ғана ұғыпты,
Ананың зарын ел мұңын.
Ішіне бәрін тығыпты,
Тындап көр соны сен бүгін.

Қайтпаған шерін батырдың,
Домбыра ғана қайтарды.
Айтпаған жырын ақынның,
Домбыра ғана айта алды.

Атадан қалған сол мұра,
Ұрпаққа бізді жалғай ма,
Әр кімнің жаны домбыра
Тек тарта білер қол қайда!
Т. Молдағалиев.

20.20.72.

“Жалын” альманағының алтыншы санында менің “Ақиық” атты кітабыма Қабдеш Жұмаділов лебіз білдіріпті. Қабдештің пікірінен шын қуаныш, шыншыл тілек аңғардым.

Сонымен бірге, кейбір пікірлерімен келісе алмадым.

“Өзі көп айтуды ұнататын “уаз кешу” деген тіркесті Ақселеу “ләззат алу” деген ыңғайда қолданады екен. Ал бұл тіркестің әдеби тілдегі мағнасы — “безіну, тәрк ету” болса керекті”, — дейді Қабдеш.

Осы жерде “уаз кешудің” қандай мағна беретінін анықтау үшін Мұхтар Әуезовке жүгінуге болады.

“— Сәулешім! Не дейсің?— деп еді. Тоғжан Абайдың қолын іркіп тоқтатты.

— Тағдыр бізді қоспады. Тым құрыса осы жолы сау келсең... уаз кешкен болар ем”.

Бұл “Абай жолы” романындағы Абай мен Тоғжанның соңғы рет кездесетін тұсы. Меніңше Қабдешің өзі “уаз кешу” дегенді “баз кешу” деген ұғымның орынына қолданатын болу керек. Баз кешу — дүниені тәрк ету.

Сол сияқты, Қабдештің “балапан өргізді”, “үшінші рет қар басты”, “қос қанатты хайуан” деген сөз тіркестерінен қателік көріп, тосырқай қарауы да бүркіт ұстап, саятшылық құрған ортаны тосырқап қалғанын аңғартады.

Тілдегі сөздердің аса нәзік емеурін-сыры, мән-мағнасы біреуден естігенмен бойға сіңбейді. Әр сөзді дүниеге әкелетін ортада болсаң ғана сол сөз өзінің көрік келбетімен көкейіңе қонбақ.

Жетпіс үшінші жыл

22.01.73.

Догма құрсаған өмірде сол індетті кірпік қақпай күзететін, адал қорғайтын сақшылары болады екен.

23.01.73.

Мұхтар Мағауиннің “Көк мұнар” атты романын оқып шықтым.

Орташа туынды. “Тазының өлімі” мен “Қара қыз” секілді туындылар берген қаламгердің көтерілер сатысы мұнан гөрі биік болар деп болжаушы едім. Олай болмады. Құба-төбел ғана шығарма болып шыққан.

Оқиға желісі көркем шығарманың сүйегі сияқты ғой. Маған романның оқиғасы сұйықтау болып көрінді. Автордың көкейге түйген идеясын биікке көтерер, өмір шындығының шалғайынан ұстатар тартыс аздау. Бүгінгі интеллигенция, бүгінгі ғалымдар тіршілігі екінші планда, емеуріндік деңгейде сөз болады да, қазіргі кез келген жастың басында болатын сүйіспеншілік көріністері романның негізгі арқауына айналған. Едіге басты кейіпкер. Оқушыға әр қырымен көрініп, өзіндік болмыс-бітімімен танылады. Алайда басқа кейіпкерлердің басым көпшілігі Едіге бейнесін толықтыруға қызмет ету үшін алынғандай әсер қалдырады. Романның басы мен аяғында қадым заманның тарихи оқиғаларын баяндап кететін тараулар бар. Бұл да шығарма жинақылығына нұқсан келтіріп тұрған сияқты.

Алайда бір ақиқатқа көңіл жұбатуға болады. Ол Мұхтар Мағауиннің шын мәнінде суреткер екендігі. Ал мына романын бір белесі дей тұру керек шығар...

10.06.73.

Фактілерді салғастыру арқылы өткен мен бүгіннің парқын бажайлай аламыз. Алайда осы жерде әр дәуірдің өзіне лайықты талғам-таразысы, талап-деңгей қай дәрежеде көрініс тапқанын әсте естен шығаруға хақымыз жоқ. Жетілудің, дамудың, ұлт бақытының қандай болғанына, қазір қалай болып отырғанына сонда ғана көз жеткізіп, объективті бағасын беруге болады.

Өткенінді білмей тұрып бүгінгіге баға бере алмайсың.

Өткен өмір тұлғасын бастан-аяқ көз алдыға келтіргенде ғана қазіргінің қадір-қасиетіне әділ бағасын бере аласың.

10.06.73.

Қазақстан жерін мекендеген оғыз тайпалары. Х ғасырда оғыз тайпалары үш бірлестікке (одаққа) бөлініпті.

1. Языр тайпаларының бірлестігі.
2. Қайы, Баят тайпаларының бірлестігі.
3. Салар тайпаларының бірлестігі.

Біріншісі Хазар (Каспий)теңізінің маңын, Ұлы Балқан, Маңқыстау, Үстірт жерін қоныс етті. Ол кезде язырларды Қарадашалы (Қаратаулық болу керек) деп атады.

Екіншісі, Қазақстанның орталық өңіріне, солтүстік аймағына қарай қоныстанды.

Үшіншісі, Салар бірлестігі Сыр бойын, Қазақстанның оңтүстік өңірін қоныс етті. Бұл кезде Салар бірлестігіне Еймур руы, сондай-ақ селжүктердің негізін қалаған қынық тайпасы да енген. Оларға қайы руынан шыққан бектер басшылық етті.

15.06.73.

Егер марксистік ілімге сүйенсек, идеологияның өзі өмірге ой көзімен қарап, өмір құбылыстарын саралаудан басталуы керек. Олай болса біз неге идеологиялық нұсқауларды аксиомаға айналдырамыз? Мұндай дәстүрдің орта ғасырлық діни схоластикадан айырмашылығы қайсы?

16.06.73.

Менің әмиянымның тазалығы арымның тазалығындай.

17.06.73.

Маған қазір 150-ден астам күйдің аңызы белгілі. Түрлі кітаптарда, газеттерде, арнайы экспедиция жазбаларында шашырап-шашылып жатқан осынау күй аңыздарының барлығы дерлік немкетті жазылған. Күй аңыздарының жанрлық ерешелігін білдіретін конондық үлгісі сақталмаған. Мәселен “Бозайғыр” күйінің ғажайып аңызы “Күй үйірін қасқырға бермеген Бозайғыр туралы” дегендей келте қайырылып отырады. Ал “Бозайғыр” күйін дүниеге әкелген халықтың жан-дүниесін, қоршаған орта мен табиғат туралы ұғым-сенімін тереңнен толғап айтып беру оңай шаруа емес. Әрине күй болмысынан, аңыз арқауынан ауытқымау керек. Ауытқымай, әсірелемей отырып сол кездің шыншыл халін күй күдіретімен өрелестіре айту керек. Міне, сонда ғана күй аңызының жанрлық даралығы тұлға танытады.

19.06.73.

Том Пэйн, Америка патриоты: “Весь род человеческий — мои братья. Делать добро — моя религия”.

16.09.73.

Қос мүйізді Ескендір қазіргі қазақ даласына шабуыл жасағанда Айса пайғамбар мен Мұхаммет пайғамбар әлі тумаған екен. Бұл кезде көшпелі өмір салттағы бабаларымыз Дари патшаның тұмсығын қанға бояп, Кирдің басын қанжығасына бөктеріп үлгеріпті. Шет жұрттың тарихи тұлғаларын былай қойғанда, өз жерімізде дәрен сүрген хандардың ханы Бомын қаған Мұхаммет пайғамбардан 19 жас үлкен екен.

Осы орайда қазіргі әлемдік дін деп жүргеніміз бар болғаны әлемдік оқиға немесе әлемдік тарихтың бір үзігі ретінде ғана ден қойдырады. Нағыз діни тарих тәңірілік дінге тән сияқты. Себебі Тәңірілік дін, дәлірек айтсақ, тәңірілік дүние таным өзінің космостық ауқымымен мойындатады. Тәңірілік дүниетаным, түптеп келгенде табиғаттану, табиғатпен тіл табысу болып шығады. Ал бұл дегеніңіз, тіршілік атаулының тірегі дегенге саяды.

21.09.73.

Қостанайда астық жағдайы қиын. “Лениншіл жастың” жұмсауымен барып қайттым. Д. А. Қонаевтің айтқан миллиарды бола қойса игі еді. Бестің бірін беретін Қостанай астығының тең жартысы жауын астында. Облыста күнде жиналыс, бюро. Алматыдан үлкендердің бірі келген екен, аудан секретарларының мойын жүнін су-су етіп сілкілеп жатыр. Яғни, мұның арты қағаз жүзінде миллиардт пұт Қазақстан астығы болады деген сөз.

21.09.73.

Қостанай облысындағы Қарасу ауданының “Тімтуір” совхозында болдым. “Тімтуір” атауы құлаққа нашар естілетін, мағнасыз сөз сияқты. Алайда, осы сөздің түп төркіні “тімтіну” емес, “тым тәуір” дегеннен шыққаны күмән келтірмейді. Себебі совхоз жанында “Тымтәуір” деген көл бар.

Жер-су аттарының бұрмаланып, көмескіленуі әдетте сол тәңіректі мекендеген халыққа сыртқы, жат күштің озбырлық етуінен болады.

5.10.73.

Өткен ғасырда, одан бұрынғы ғасырларда қазақ даласында, қазақ сахарасында болған заңдар (халықтың өз мүддесі тудырған заңдар), тәртіптер, әділ биліктер туралы аңыз-әңгімелер сериясын жазуға әбден болады. Мұндай әңгіме ел арасында өте мол. Жәнеден даналыққа, тапқырлыққа, әділдікке, этнографиялық мол мағлұматқа тұнып тұр. Мұндай аңыз-әңгіме көпшілікке ұнауы өз алдына, сол заманның демократиялық болмысын танытса керек.

29.11.73.

Цицерон: “Өзің туғанға дейінгі дүниеде не болғанын білмесең, ғұмыр бойы нәресте қалпында қалдым дей бер”.

30.11.73.

Евней Букетовта болдым. Қаныш Сәтбаев туралы ғылыми-өмірбаяндық дүние жазбақшы екен. Тіптен, бастап та қойыпты. Менің топшылауымда, Қанаң туралы Евнейдің қалам тартуы өте құптарлық. Мені таң қалдырғаны — Евней Арыстанұлының әдебиетке деген сезімтал-сергектігі. Қанаң туралы жазғанының кіріспесін оқып берді. Мұның өзі әсерлі, сәтті үлгіде, Қананның үйіндегі шешемізге хат түрінде жазылыпты. Сәттіліктің бір атасы табиғилық болу керек.

Осы жолы Евнейдің В. Маяковскийді аударып жүргенін білдім. Өзі айтты. Көзінде қуыныш, жүзінде рахат нұры ойнап отырып айтты.

3.12.73.

Евнейдің үйінде болдым. Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбек жолы туралы жазып жатқан еңбегінің алғашқы тарауларын оқып берді. Салмақты, ойлы. Ұлы адамның туған, өскен ортасын мейлінше байыптылықпен баяндапты. Көркемдік әсіреден ада. Осыған орай Евней мынандай бір пікір айтты:

— Қананның көзін көріп, тәрбиесін алған біздердің міндетіміз — шындықты қағаз бетіне түсіріп кету. Келешекте туатын көркем туындының ірге тасын қалап, кірпішін құйып кетуіміз керек. Бұл оңай міндет емес сияқты.

Мұнан әрі жазу азабы туралы сөз өрбіді. Евней көп сызып, көп өшіріп жазады екен. Сонсоң қолға түскен деректі жүйелеудің де үлкен маңызы бары айтылды.

Қанаң туралы жиналған материалдың бес-алты палканы толтырғанын көрсетті.

Әлден уақытта В. Маяковскийдің “Жақсы!” поэмасының аудармасын оқыды. Евней поэманың орысша нұсқасын жатқа біледі екен. Алдымен орысша бір ауызын жатқа айтып, сонсоң қазақшаға аударғанын оқып отырды. Бірер жеріне пікір-түзету айтып көріп едім, онымды еш қарсылықсыз, елпілдеген көңілмен қабыл алды.

Мені таң қалдырғаны, Евней күнде таңертең ерте тұрып жүгіреді екен. Жүгіріп жүріп, жатқа білетің поэманың күніне екі-үш шумағын аударып қайтады екен. Сонсоң келген бетте қағазға түсіреді.

— Осының өзі менің әдетіме айналып бара жатыр,— деп Евней кеңк-кеңк күліп алды.— Жәнеден қолыма алып, отырып аударғанымнан да жүгіріп жүріп аударғаным әсерлі шығатын сияқты.

Тағыда әңгіме арасында Евней өзінің жазумен бел шеше айналысқанда жап-жақсы жазушы болатынын айтты. Мұны бір түрлі сеніммен, тіптен жүзінен өкініш көлеңкесі біліне отырып айтты.

Мен поэманың соңғы тарауын “Лениншіл жас” газетіне ұсынсам қайтеді деп едім, Евней қуана келісім берді. Соңғы тарауды аударған қолжазбасын алып кеттім. Соңғы тарау демекші, Евней бұл поэманы аударуды соңғы 19-шы тараудан бастапты. Евней өз бойындағы асыл қасиеттерін бөгде адамның көргеніне, сезгеніне, айтқанына мағұрланып, қуанып отырады екен. Сөйте отырып, артық қолпашты әсте ұнатпайды. Бір танысының мақтап-мақтаған хатын шын көңілімен қынжыла сөз етіп отырды.

Жасандылығы жоқ, шыншыл қалпына сенесің.

9.12.73.

Еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынасқа, жыныстық өмір мәселесіне дәстүрлі таным-түсінікпен ден қойып отырудың мәні зор. Себебі жыныстық қатынас тек жеке адам өміріне ғана қатысты емес, белгілі дәрежеде бүкіл қоғам өміріне де әсер етеді. Бұл мәселе, әсіресе дәстүрлі таным-түсінік пен тыйым салттары көмескі тартып, шет елдік талғам-түсініктің баршасы бірден-бір мәдени-рухани үлгі ретінде ұсынылып отырған қазіргідей аласапыран заманда ашық әңгімеге арқау болуды айырықша қажет етеді. Оның үстіне жыныстық өмірдің әдетте құпия, сырт көзден таса (эзотериялық) болатын қасиеті осынау адам өмірі үшін аса мәнді құбылыстың ұрпақтан ұрпаққа

берілетін дәстүрлі сабақтастығын қиындатады. Мұның өзі өкше басар ұрпақтың жыныстық қатынас мәселесінде дәстүрлі қалыптарды ұстанбай, білмей, өзге жұрттың насихатын үлгі тұтуына ұрындырады. Бүгінгі таңда, әсіресе жастарымыздың тыйымсыз болуының, үлгі-өнегесіз болуының бір себебі осында. Қазір не көп, дерек көзі көп. Теле-радио-басылым-баспасөз сияқты коммуникация (байланыс) көздері әлемдік талғам мен дәстүрді мидай араластырып жіберді. Осынау деректер тасқынынан бағдар тауып, ұлттық қасиетті сақтаудың өзі қиынның-қиыны. Мұндайда, әсіресе жастардың парасат-пайымын, кісілік қалыбын төлтума дәстүр аясында тәрбиелеу үшін ашық әңгіме қажет. Дәстүрлі қалыпты бұзбаудың, өзгеге көзсіз еліктемеудің, атасалтты аттамаудың бір жолы — білікті ойды ортаға салып отыру. Мұның өзі бұрынғы жеңгетайлық абысын-ажындық, құда-андалық институттардың жетекші ықпалы әлсіреген заманда айырықша қажет. Бүгінгі психолог, сексолог, социолог ғалымдар жыныстық тәрбиені ұлттық төлтума мәдениеттің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыруға тиісті.

15.12.73.

Абайда мынандай сөздің бары рас: “Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр”.

Осы сөзді қолданушылар Абайдың есімін бетке ұстап, орысшыл болу керек дейтін ниетті өзеурей насихаттап жүр. Ондайлар бара-бара “өз тіліңді білмесең де орыс тілін біл” деген пығылын көлденең тарта бастағандай. Мұндай сорақылықты қазіргі саясат аңшының итін сипағандай еркелететін болып алды. Бұларға бүтін дүниетаным, бүтін тұлға керек емес. Керек болса, сол Абайдың келесі сөзін оқыр еді ғой. Келесі сөзі былай: “Зарарынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек”.

Қандай “зарарынан қашық” болуымыз керек? Мұны ойлап жүрген де ешкім көрінбейді, ойлауға мұрша беретін заман да байқалмайды.

27.12.73.

Ертеде төрт соқыр болыпты дейді. Әлде қалай піл айдап келе жатқан біреу жол үстінде қол ұстасқан әлгі төрт соқырды кездестіреді. Сонда піл айдаушы төрт соқырдың танымын сынау үшін оларды пілге жанастырыпты. Бірінші соқыр пілдің ұзын тұмсығына, екіншісі —

аяғына, үшіншісі — қарынына, төртіншісі — құйрығына жанасыпты. Сонда бірінші соқыр пілді жылан депті. Екіншісі — пілді бөрене, үшіншісі — мес, төртіншісі — арқан деген екен...

Осы бір ғажайып мысал-әңгімені бүгін естідім. Естідім де қайран қалдым. Мен бұл мысалдың қай заманда, қай дәуірде, қай елде дүниеге келгенін білмеймін. Маған белгілісі бір ғана жәйт. Ол — оқудың тәрбиеден бөлінбей тұрған заманында, дамудың өзі дүниеге әкелген ұлы педагогикалық системаның аллегориялық формада әдемі көрсетілгендігі. Мысал-әңгіменің кейіпкері екеу. Бірі — мұғалім — піл айдаушы. Екіншісі — оқушылар — соқырлар. Жәненен шәкірт-соқырлар көздері ашық кезінде жинаған өмір тәжірибелерін, көріп-түйгендерін тағылым еткен бейбақтар. Мысал-әңгіменің емеурінмен білдіруі бойынша, ұстаз өзінің шәкірттерін мынандай маңызды құбылыспен беттестіреді: “тұтасты бөлшектеу былай тұрсын, бөлектердің жиынтығы ден қабылдауға болмайды; жәненен сол бөлектердің белгілі дәрежеде аралық байланысының бар екенін әсте естен шығармандар” дегендей болады. Яғни, дана ұстаз шәкірттеріне қиындықсыз игерілетін жеңіл ұғым, мәнсіз білім ұсынбайды. Керісінше, сапалы білімге жетудің жолын, методикасын меңзейді. Жинақталған тәжірибені салыстыру, байыптау, қорыту арқылы шындықтың шалғайынан ұстауға болатынын аңғартады.

28.12.73.

А. В. Луначарский 1928-жылы былай деген екен: “Мы завоевывали вовсе не ”хорошую жизнь”, а право ее организовать”.

Ұйымдасу деген саналы әрекетке негізделеді ғой. Ал біз көріп отырған ақиқаттың мәжбүрлеуі, бұйрығы басым болатыны қалай?..

Жетпіс төртінші жыл

5.01.74.

Қазір біздің өмір-тіршілігіміздің бір ғана әміршісі бар. Ол — маркстік-лениндік идеология немесе социализм идеологиясы десе де болады. Бұл идеологияға өмір-тіршілігіміздің барлық қыры бағынышты.

Ал енді тарихи тәжірибеге ден қойсақ, адамзат баласының шындалу жолы ұдайы әр түрлі көзқарастардың, әр түрлі идеалдардың, әр түрлі арман-аңсардың тоғысуы арқылы ілгерілеп отырғанын көреміз. Тіптен, көзқарастар тоғысы, пікірлер тоғысы бірін-бірі қайрап, жетілдіретін сияқты. Бұл әсіресе ғылымның даму жолынан айқын аңғарылады. Себебі, ғылым “айттым — бітті, кестім — үзілді” десе тоқырайды.

Осы орайда идеология өмірге, өнерге, ғылымға әмірші болу керек пе? Жоқ, әлде өмір, өнер, ғылым идеологияға ықпал ету керек пе? Міне, біз беттесіп отырған замана проблемасы осы.

16.01.74.

Қарағанды облыстық комсомол конференциясы өтті. Осында Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің секретары Жібек Әмірханова да болды. Жібектің үстінен бұрынғы қазақ қыздарының ұзын жең, қынама бел бешпентін, басынан күнұыз бөркін көрдім. Көер көзді қуантқандай жарасымды екен.

17.04.74.

Аяулы Сейфолладан айрылып қалдық. Мәңгілікке мезгілсіз көз жұмды. Шапағаты көп тиген ардақты аға еді. Көздің жасы көкейге кептеледі. Қолдан келер қайран жоқ. Тіршілік неткен келте, неткен өкінішті еді!

Сейфолла Оспанов тамаша журналист, жазушы, аудармашы, Қарағанды облыстық “Орталық Қазақстан” газетінің редакторы еді. Енді толысқан шағында үзілді...

Адам керуен, өмір жол,
Ешкімге жат із емес.
Жолмен көшкен керуеннің
Алды-арты да біз емес.

22.05.74.

Совет әдебиетінің Қазақстандағы күндерінде Қарағандыға В. М. Кожевников пен С. Мәуленов бастаған жазушылардың үлкен тобы келді. Делегаттар құрамында Д. И. Еремін, М. С. Лисянский, Я. З. Шведов, В. Вильный, А. П. Котов, Н. В. Кожевникова бар.

Осы күні КарМУ-де кездесу болды. Кездесуді Евней Букетов ашты. Маған Евнейдің білікті сөзі, шешендігі, кісілік қалыбы қатты ұнады. Ең кереметі Евней бұл жи-

налысқа басталар сәтінде ғана келді. Қарқаралыдан жеткені сол екен. Келді де жиын тізгінін қолына алып жөнелді. Бар дайындығы сол, төңірегінде кімдердің отырғанын бір бажайлап алды. Әрі қарай олардың творчествосы туралы тереңнен толғап, көсіле сөйлеп кетті. Әсіресе В. М. Кожевников туралы сөзінің салмақты да ұтқыр болғаны сонша, тап бір өмір бойы соның творчестосын зерттеумен айналысып жүргендей әсер берді. Осы кездесуде Евнейдің биік өресі халықтық өредей әсер берді.

5.09.74.

Егіндібұлаққа барып, үңгірін армансыз аралап қайттым. Әсіресе Едірей тауының ішін ерінбей шарладық. Кәдірбек Сегізбаев екеуміз осы жолы Балқан таудың басына шықтық.

Соңғы кезде Орталық Қазақстанның тарихи ескерткіштері туралы бірнеше шоғыр деректі дүние жазып тастадым.

7.10.74.

Қып-қызыл, қызыл, қанқызыл күн көкірекке өксік кептеп, тынысыңды тарылтып, жаныңды жабырқатып, көңіліңді құлазытып тағы да батып барады...

9.10.74.

“Киелі жазбаның қисындарына шайтан екеш шайтан да жүгіне алады”, — депті Гете.

11.10.74.

Евней Арыстанұлының кеңсесіне барып қайттым. Евней жақсы қабылдады. Өткен сенбі, жексенбіде Баянауыл жығына, Қаныш Сәтбаевтің жастық шағы өткен жерлерге барып қайтыпты.

Евней менен қазақ балаларының жайлау төрінен жейтін өсімдіктерін сұрады. Мен қымыздық, түйетабан, биешек, жаужұмыр, сүйрік, долана, қарақат, жидек сияқты өсімдіктерді, олардың қасиеттерін білгенімше айтып бердім. Евней қызыға тындап, қағазға түртіп алып отырды.

14.10.74.

Бізде бір ғана мемлекеттік саясат бар, бір ғана мемлекеттік мораль бар, бір ғана мемлекеттік арман-аңсар (идеал) бар. Мұның бәрі сайып келгенде орыс халқының

мәртебе-мерейін көтеруге қызмет етеді. Бұл қызметте жалқаулар айыпталады, жаза басқандар жазаланады.

Соңғы төрт-бес ғасырдан бері Ресейде етек алып, бүкіл Евразияны қанқаксатып отырған ахуал осындай. Бұл ахуалдың әбден шегіне жеткені сонша, қазіргі таңда өзге ұлттың есебінен орыстың мәртебесің көтеру, өзге ұлттың еншісінен орыстың ұпайын түгендеу өмірдің заңына айналған. Кез келген жүкші орыстан бастап, министр орысқа дейін, етікші орыстан бастап, жазушы орысқа дейін осы бір үрдісті өмірдің қалыбы деп біледі. Ең шектен шыққан сорақылығы сол, қазіргі таңда зәбір көріп, зардап шегіп отырған ұлт өкілдерінің өзі өмірдің барлық саласындағы орыс экспансиясын өмір сүрудің табиғи заңдылығы сияқты қабылдайды. Сол зәбір-зардапты күшейте түсуге қызмет етуді өздеріне мәртебе санайды.

Тобырдың дәрменсіздігі пұшайман етеді...

16.10.74.

Еркек пен әйелдің арасындағы жыныстық қатынас туралы, тән тояты жайында әрбір ұлттың өзіндік таным-түсінігі бар, әрбір ұлттың өзіндік моральдық-этикалық қалыптары бар. Бұл орайда жалпы адамзаттық таным-түсінікте еркек пен әйел арасындағы жыныстық қатынасқа деген үш түрлі көзқарас назар аударады. Олар: жыныстық қатынасқа деген Шығыс елдерінің, Батыс елдерінің және Евразия көшпелілерінің көзқарастары. Шығыс елдері (Қытай, Жапония, Тибет, Үндістан т. б.) еркек пен әйел арасындағы жыныстық қатынасты өнер деп қарап, адамның жаны мен тәнін сауықтырудың ең бір мәнді тетігі деп білген. Батыс елдері (Рим, Англия, Франция т. б.) жыныстық қатынасқа ғылыми зердемен ден қойып, оны адам болмысын танудың өзекті бір саласы ретінде қарайды. Әлемге әйгілі психиатор Зигмунд Фрейд адам мінез-құлқының, өмірі мен рухани болмысының негізгі тізгіні жыныстық қатынасқа байланысты деген тұжырымға келген. Фрейдтің бұл тұжырымы бойынша адам бойындағы мінез, қасиетті қоғам дамуының заңдылықтары билеп-төстей алмайды. Адам болмысын ирроционалды (ақыл жетпес) психологиялық күш билейді. Ал интеллект сол психологиялық күшті көлегейлеуші. Яғни, интеллект — ақиқатты белсенді танытушы емес. Фрейд индивид пен әлеуметтік орта мәңгілік жасырын соғыспен өтеді деп ой түйеді.

Еркек пен әйел арасындағы жыныстық қатынас туралы үшінші көзқарас Евразия көшпелілерінің арасында қалыптасқан дедік қой. Көшпелілердің таным-түсінігі еркек пен әйелдің арасындағы жыныстық қатынасты кие тұтып, оған моральдық-этикалық тұрғыда айырықша мән берген. Көшпелілер үшін тек еркек пен әйел арасында ғана емес, жалпы жан-жануар арасында болатын жыныстық қатынас Тәңірі-табиғаттың киелі сыйы. Мұндай таным-түсінік мындаған жылдар аясында алуан түрлі салт-дәстүр қалыптастырып үлгерген. Ондай салт-дәстүрдің баршасында жыныстық қатынас тіршілік сабақтастығының негізі ретінде кие тұтылады. Теректі алқабындағы, Таңбалы сайдағы иерогамиялық (жанығудың киелі сәті), эротикалық (қозушылық) петроглифтерден жыныстық қатынастың тым ертеден-ақ киелі құбылыс ретінде мән берілгенін аңғарамыз. Көшпелілер арасында күн нұрынан екіқабат болған, бұршақ дәнін жұтып жүкті болған әйел-аналар туралы, қасқырдың қаншығымен ашына болып ұрпақ көрген еркек туралы тарихи-шежірелік әңгімелердің, миф-әфсаналардың алуан түрі айтылады. Ондай аңыз әңгімелердің, байырғы жазба ескерткіштерге түскені де аз емес. Сондай-ақ, эпос-ертектіміздегі әйел-аналардың көбі қасқырдың, жолбарыстың жүрегіне, құлан етіне жерік болады. Шежіре әңгімелердің бірінде еркектің ұлы мүшесіне жерік болған әйел туралы да айтылады. Міне, осы мысалдардың бәрінен байқайтынымыз, көшпелілердің таным-түсінігі жыныстық қатынасты Тәңірінің киелі сыйы ретінде қабылдап отырған. Тіптен, күні бүгінге дейін шағылысып жатқан малды үркітпеу, күйекке түскен аңды атпау сияқты дәстүрдің астарында да жыныстық қатынасты кие тұтушылық бар. Халықтық ұғым-түсінік бойынша жерді — аналық, көкті — аталық деп қабылдау, көктен жауған жауынды нұрға балап, ол нұрдан жерді буаз болды деп образбен елестетуде де жыныстық қатынасты космогониялық таным-түсінікпен астастыру аңғаралады.

Қазақтың құда түсу, ұзатылар қызға жар-жар айту, келін түскенде отқа май құю, жаңа үйленген жастарға отау көтеру, қыз ояту сияқты дәстүрлерінің өзегінде ең алдымен жыныстық қатынасты кие тұтушылық байқалады. Себебі, Тәңірілік құбылыс тек осындай марапаттауды қажет етеді деп сенген. Міне, көшпелілер үшін жыныстық қатынастың киелі болуының бастау себебі осында.

Көшпелілердің таным-түсінігінде жыныстық қатынасты Тәңірінің сыйы ретінде кие тұтқандықтан, бұл мәселеде

еркек пен әйелдің жауапкершілігі бірдей болған. Яғни, көшпелілер қоғамында еркек пен әйел әсте бірін-бірі кем тұтып қарамаған. Дәлірек айтсақ, еркектің әйелді немесе әйелдің еркекті иемденуі, меншіктенуі, бірінің екіншісіне кіріптар болуы көшпелілердің дәстүр-танымына жат. Тіптен көшпелілер қоғамында еркекке қарағанда әйелге көрсетілер сый-құрметтің басымдау екенін аңғаруға болады. Ат үстінде еркекпен үзеңгілескен скифтің желдей азат қыздарын Герадот тамсана жазады. Байырғы түркілер қоғамында Қағанаттың ең лауазымды адамы қаған болса, одан кейінгі орынды қағанның “қатын” деп аталған бәйбішесі иемденген. Ел ісінің мың сан түрі қаған мен қатынның алдынан өтіп отырған. Халық болмысының айнасы іспетті фольклорымыз еске түседі. Осынау көл-көсір рухани мұрамызда жағымсыз әйел бейнесі жоққа тән. Оның орынына Құртқа, Гүлбаршын, Қаракөз, Қарлыға, Назым, Ақжүніс, Қыз жібек, Баян Сұлу, Айман, Шолпан, Қарашаш сияқты бірі ақылымен, бірі көркімен, енді бірі өжеттік ерлігімен елге қорған, ұрпаққа ана болғанын көреміз. Ең ғажабы, бұлардың бәрі де сүйгеніне адал жар ретінде дараланып отырады.

Сондай-ақ, байтақ қазақ даласын аралап көрсеңіз әйел-анаға көрсетілген құрметтің мың сан белгісіне куә болар едіңіз. Мәселен, туған дала төсінде ер адамға қойылған тас мүсіннен гөрі әйел-ананы бейнелейтін қыз-тас, келіншек-тас, кемпір-тас түріндегі мүсіндер әлде қайда көп. Сол сияқты, әндей әсем жер-су атауларының көбі әйел-ана есімімен байланысты. Дала төсіндегі ең сұлу ғимараттар, ең бір шабытты архитектуралық мұралар әйел-анаға арналған. Сырдария бойындағы Көккесене, Бикем мұнара, Сырлытам, Шу бойындағы Айша-бибі, Баба-әже, Сарысу бойындағы Белең-ана, Болған-ана, Жұбан-ана, Арал жағасындағы Бегім-ана күмбездері, мұнаралары, мазарлары ғажайып сырлы сымбатымен күні бүгінге дейін қайран қалдырады.

Жеке ескерткіш былай тұрсын, жұмыр жердің орта ғасырлық талғам-түсінігінде тұтас бір қаланың әйел атымен аталуы дүние жүзінде сирек кездесетін құбылыс. Бұл ретте, қазақ даласында Қатынқала, Баршынкент сияқты қалалардың болғанына қалайша таң қалуға болмас. Сол сияқты, ру-тайпа атауын әйел атымен атаған, жауға шабарда шақырар ұранына әйел есімін қосқан бірден-бір